

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Трансферттік баға белгілеуді қолдану жөніндегі келісім жасасу қағидаларын бекіту туралы" 2011 жылғы 24 қазандағы № 1197 және "Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік нысандарын және Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1324 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 шілдедегі № 905 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 мамырдағы № 317 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.05.2022 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Трансферттік баға белгілеуді қолдану жөніндегі келісім жасасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 қазандағы № 1197 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 57, 818-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Трансферттік баға белгілеуді қолдану жөніндегі келісім жасасу қағидаларында:

3-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"салық төлеушінің тіркеу нөмірі 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін табыс етіледі, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (жеке сәйкестендіру нөмірін (жеке тұлғалар үшін)) (бар болса);";

3) тармақша алынып тасталсын;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 685 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 685 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 20 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК